«Бекітемін»
179 орта мектеп
Мектеп директоры: Н. Имашев

«Келісемін»
Оқу ісі жөніндегі орынбасары: Г.Шамшадин

2021-2022 оқу жылына арналған ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен
түзете-дамыту жұмыстарының

# КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ САБАҚ ЖОСПАРЫ

(Сөйлеу тілі жалпы дамымамаған оқушыларына арналған)

Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің2018 жылғы 20 қыркүйектегі№ 469 бұйрығына 71- қосымша
Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің2013 жылғы 3 сәуірдегі№ 115 бұйрығына 511-қосымша

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің мақсаты- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеу тіл құралдарын, қарым-қатынас, таным дағдыларынжетілдіру болып табылады.

3. Міндеттері:

1) сөйлеу тілі жекедыбыстарын дұрыс айтуындағы және сөздердің дыбыстық-буындық құрылымын бұзылыстарын жою машықтандыру;
2)сөздік қорын анықтау, молайту, жүйелеу;
3) импрессивті және экспрессивті аграмматизмнің белгілерін түзету;
4)тұжырымдама элементтері бар ауызекі және сипаттамалы және нұсқаулы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және бекіту;
5)оқу мен жазуындағы жеке бұзылыстарын түзету;
сөздерді меңгеру негізінде айқын бірқалыпты, ырғақты сөйлеу тілін қалыптастыру;
5) қажетті ақпаратты алу және түрлендіру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту;
6) сөйлеу коммуникация процессінде вербальді дұрыс дағдыларын жетілдіру;

7) сын тұрғыдан ойлау, ақпаратты іздеу, қажетті ақпаратты алу және өзгерту дағдыларын дамыту;
8) қарым-қатынас құралы, білім көзіретінде сөйлеу тілге саналы көзқарас қалыптастыру, қоғамға әлеуметтенуіне ықпал ететін мәдени капитал ретінде рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;

## 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Логопедиялық-түзету әрекеті педагогикалық стратегияларды қолдану арқылы өз-өзіне сенімді,мақсатты, қызығушылығы мен жауапкершілігі мол және интеллектуалды дамыған, коммуникативті қуарлы тұлғаны қалыптастыру бағытталған:
1) әр білімалушының ойын тыңдап, қалыптасқан сөйлеу дағдыларын қолдану маңыздылығын мойындау;
2) мұқият түрде іріктеліп алынған коррекциялық тапсырмалар мен әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту;
3) әр сабақта сөздік қарым-қатынасқа түсуге жағдай жасау;
4) сын тұрғыдан ойлау арқылы түзете оқытуға ықпал ету;
5) белсенді оқыту, білалушылардың іздену әрекеті мен элементтерін қолдау;
6) сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушыларда сын тұрғыдан ойлау элементтерін дамыту;
7) өзбетімен мәтінмен танысуда «дамудың жақын аймағында» жұмыс істеу, топта талқылау;
8) практикалық, шығармашылық әрекет;
9) іздену мен қосымша материалды қолдануды талап ететін тапсырмаларды орындау;

10) ізденушілік тәсіл ;
11) ойын әрекеті;
12) логопедиялық ықпалдың дәстүрлі және жаңа әдістері мен құралдарын ұштастыру;
13) сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушыларды өз-өзін бағалаға және дамытуға ынталандыру үшін жағдай жасау;
14) білімалушылардың сөйлеу дағдыларына жүйелі мониторинг жасау.

5. Бағдарламада:
1) жалпы педагогикалық принциптер;
2) арнайы педагогиканың ерекшеленген принциптері: онтогенетикалық;этиопатогенетикалық;
3) арнайы тәсілдер:
тіл материалдарын бейімдеу, оқу маьериалдарын жеңілдету;
материалды полисенсорлы қабылдау;
тірек сигналдарды қолдану;
алгоритмдерді қолдану, берілген үлгі анықтамаларды айту;
ережелер мен нұсқауларды бөлшектеу;
әрекеттерге пікір білдіру;
тақырыптарды өту жылдамдығын оптимизациялауіске асырылады.

6. Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету келесі педагогикалық тәсілдерге негізделіп жүргізіледі:

1)құндылыққа бағдарланған тәсілоқу қызметін ұйымдастыруды, білім алушының жеке құндылықтары жүйесін қалыптастыруды қарастырады;

2) адамгершілікке бағытталған тәсіл, оқу процесін дараландыру, білімалушының тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, оның шығармашылық күштерінің толыққанды ашылуы, оның психикалық және физикалық дамуының жеке қасиеттерін, мінез-құлықтың қажеттіліктері мен мотивтерін, әлеуетті мүмкіндіктерінескеруді көздейді;

3) әрекеттік тәсіл белсенділік тәсілі өз бетінше білімді меңгеруді, оқытудың мазмұны мен формасын түсінуді, оның нормаларының жүйесін түсіну мен қолдануды, білімді белсенді және табысты қалыптастыруды, кең ауқымды оқыту дағдыларын және дағдыларын меңгеруді көздейді;

4) дифференциалды тәсіл, олардың сипаттамаларын ескере отырып, оқытудың әртүрлі топтары үшін оқу үдерісінің мамандануын, оқытудың уәждемесіне әртүрлі тәсілдерді іздеуді, шығармашылық және сыни ойлауды дамытуды білдіреді;

5) құзыреттілік тәсілі, әлеуметтік тәжірибені пайдалануға негізделген әртүрлі салалардағы және әрекеттердегі мәселелерді өз бетінше шешуге үйрету қабілетін дамытуға бағытталған;

6) интегративтік тәсіл, аталған пәннің оқу пәндерімен пәнаралық байланысын қарастырады;

7) жүйелік тәсіл - білім алушылардың өз бетінше оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға негізделген, әмбебап оқу қызметінің жүйесін қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді;

8) коммуникативті тәсіл, екі немесе одан да көп адамның сөйлесу үдерісінде ақпарат алмасу мен байланысын, білімдерімен, дағдыларымен және қабілеттерімен алмасуды қамтиды; коммуникативті тәсілдің нәтижесі - басқалармен өзара әрекеттесу процесінде тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесімен дұрыс байланыс жасап, қарым-қатынас жағдайына сәйкес коммуникативтік мінез-құлықты таңдай отырып тілмен қарым-қатынас жасау.

7. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәні әлем туралы ғылыми түсініктерінің қалыптасуына және ғылым негіздерін меңгеруге жалпы білім беру негізін қалайды.

8. Логопедиялық кабинеттің жабдықталуы сөйлеу тілі күрделі бұзылған білімалушылардың оқу-коррекциялық материалдарды тиімді меңгерудің қажетті шарты болып табылады:стационарлық айналар, логопедиялық зондттар, шпательдер, массажға арналған төсек, дәстүрлі дидактикалық нысандар: жеке және топтық жұмысқа қажет үлестірмелі материалдар (карточкалар), суреттер, оқу, әдістемелік әдебиет, жұмыс дәптерлері, дәптерлер.

9. Оқытуда техникалық құралдар пайдаланады: мультимедиялық құралдар,интерактивті панель, блокнот, проектор, интерактивті тақта немесе экран, DVD жазылған видеофильмдер, компьютерұшөлшемді аксессуарлардан құралған электронды ресурстар.

10. Дизартрия, ринолалия, сөйлем тілінің ырғақтылығы мен жылдамдығы бұзылған балалармен арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізген кезде дыбыстық сигнал беретін «Логопедиялық тренажер» пайдаланады.

11. Тұтықпасы бар, фразалық сөйлеу тілі жетілмеген білімадушылар сөйлеуге шектеу қойған кезеңде «Сөйлеу коммуникациясын дамыту және меңгерту» коммуникативті құрал қолданылады.

## 3 - тарау. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

12.«Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету»пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 8 сағат, оқу жылында – 272 сағатты;
2) 6-сынып – аптасына 8 сағат, оқу жылында – 272 сағатты;
3) 7-сынып – аптасына 6 сағат, оқу жылында – 204 сағатты;
4) 8-сынып – аптасына 6 сағат, оқу жылында – 204 сағатты;
5) 9-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты;
6) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

13.Пәндік білімнің мазмұны коммуникативтік әрекеттер мен коммуникативтік дағдыларға негізделген. Коммуникативтік дағдылардағы оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.

14. Бағдарламадағы материал концентриялық қағиданы ұстанып құрастырылған.

15. Түзеу компонентін жоғары психикалық функцияларын, фонематикалық естуін, сөйлеу кезінде тыныс алуын, артикуляциялық және ұсақ моторикасын, сөйлеу тілінің қарқыны мен әуезділігін дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар қамтиды.

16. Әр сабақта міндетті түрде дыбыстарды машықтандыру, фонетикалық ұқсас дыбыстарды ажырату, сөйлеу моторикасын, фонематикалық қабылдау, талдау, жинақтау дағдыларын ары қарай жетілдіру жұмысы жоспарланады.

17. Фонетикалық ұқсас дыбыстарды ажырату жұмысы күрделі сөздік материал негізінде жүргізіледі. Фонематикалық талдау дыбыстарды тиімді машықтандыру мен ажыратуға, оқу мен жазудың бұзылуын алдан алуға ықпал етеді.

18. Бағдарламаоқыту мақсаттарын қамтитын4 бөлімді қарастырады:

1)1-бөлім «Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары»;
2) 2-бөлім «Тыңдалым және айтылым»;
3) 3-бөлім «Оқылым»;

4) 4-бөлім «Жазылым».

19. «Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары» бөлімі келесідей бөлімшелердікамтиды:

1) қатынастың вербальді емес құралдары;

2) қатынастың паравербальді құралдары;

3) талдау-жинақтау әрекет.

20. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сөзді түсіну және қабылдау;

2) дыбыс айтуы мен сөздің дыбыстық-буындық құрамын машықтандыру;

3) сөздің семантикалық құрылымын қалыптастыру;

4) грамматикалық түсініктерін қалыптастыру және аграмматизмдерді түзеу;

5) байланыстырып сөйлеу тілін дамыту және түзеу.

21. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) әріп және буын деңгейіндегі түзету жұмысы;

2) сөз бен фраза деңгейіндегі түзету жұмысы;

3) фраза мен мәтін деңгейіндегі түзету жұмысы;

4) талдап және бағалап оқу;

5) әртүрлі көздерден ақпарат алу.

22. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) әріп және буын деңгейіндегі түзету жұмысы;

2) сөз бен фраза деңгейіндегі түзету жұмысы;

3) фраза мен мәтін деңгейіндегі түзету жұмысы;

4) дизорфографияны алдын алу және түзету;

5) өзіндік жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру.

23. Оқу жылының басында екі апта ішінде білім алушылардың сөйлеу тілін тексеру ұйымдастырылады. Осы тексеру нәтижелері бойынша логопед білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын алу және түзету жұмысын жоспарлайды.

24. Байланыстырып сөйлеуін дамытуда білім алушылардың өзіндік мүмкіндіктері ескеріледі. Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда білім алушылардың өз ойын нақты білдіру, себеп салдар байланысын орнату, әрекеттер мен құбылыстардың реттілігін анықтау дағдаларын дамытуға аса назар аударылады.

## Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) II-III деңгей балалармен жүргізілетін түзету Жұмысының күнтізбелік жоспары

| № | Бөлім | Жұмыстың тақырыбы | Мақсаты | | | Қолданылатын әдіс-тәсілдер | Өткізілетін уақыт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Оқыту мақсаты | Құндылыққа баулу | Түзете- дамытушылық | | |
| 1 | **Педагогикалық - психологиялық жан- жақты тексеру** | Диагностикалық зерттеу жұмыстары | | | | «Равен» әдісі; «Жоғалған әріп» «Төртінші артық» «Айырмашылығын тап» «Мнемотехника» «Шульте» «Суретшінің қатесін тап» «Кімге не жетіспейді» | |
| 2 | Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары | Өзім Артикуляциялық аппаратты түзету | Материалдардағы оқиғалардың мәнін түсінеді және мазмұны бойынша сұрақтар қояды, сипаттама береді, түсінгенін мазмұндайды, өзі туралы баяндайды. | Білім алуға шақыру,өзін ұқыпты,таза ұстауға баулу. | Сөйлеу, ойлау, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Суретте бейнелен ген кейіпкерд ің көңіл күйін аңғару: қуаныш, таңғалу, ұялу, мұң; | Түсіндіру , сұрақ-жауап, әңгімелесу | |
| 3 | Тыңдалым және айтылым | Отбасы Дыбыстарды қою | Жас ерекшеліктеріне қарай шағын әңгіме,жазбаша және ауызша сөйлеу тілін | Дұрыс сөйлеуге, тазалыққа, әдептілікке үйрету. | Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін түзету. Сөйлеу карқыны реттеуін білу (жылдамдату немесе баяулату | Сұрақ-жауап, әңгімелесу | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тексеру. | | | | |
| 4 | Оқылым | Менің мектебім Дыбыстарды машықтандыру | Оқушыларға мектеп туралы, оның жұмысы, мектептегі үйірмелер жайында түсінік беру. | Өздерінің білім алып отырған білім ордасын құрметтей білуге, адамгершілікке тәрбиелеу | Танымдық қабілеттерін дамыту, мектеп туралы мәтін жазып, мәнерлеп оқу | Бақылау, әңгімелесу, сұрақ-жауап | |
| 5 | Оқылым | Күн тәртібі және уақыт Дыбыстарды машықтандыру | Оқушының күн тәртібі туралы ұғымын кеңейту | Сөйлеу тілінде 3-4 сөздерден тұратын сөйлемдер құрап айту | Сұрақ-жауап әдісі арқылы ойлауын, зейінін, есте сақтауын дамыту | Сұрақ-жауап, әңгімелесу | |
| 6 | Жазылым | Денсаулық-байлық негізі Дыбыстарды автоматтандыру | Адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін басты байлық екенін ұғындыру. | Тазалыққа, спортқа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу | Логикалық ойлауын, қабылдауын, сөйлеу шеберлігін жетілдіру,дамыту | Түсіндіру , сұрақ-жауап, әңгімелесу,жазб аша жұмыс | |
| 6 | Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары | Мамандықтар Дыбыстарды дифференсацияла у | Мамандық түрлерімен танысу. Өз ұнататын мамандығын ауызша әңгімелеп беру | Әр мамандықтың иесімен дұрыс қарым қатынас жасауға үйрету | Орфографиялық нормаларды сақтау. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін тексеру. Жеке көрсеткі штері бойынша тыныс алу жаттығул арын орындау қатынасқа түсі мәдениетін білу, сақтау; | Түсіндіру , сұрақ-жауап, әңгімелесу | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| 7 | Тыңдалым және айтылым | Менің сыныптас достарым Дыбыстарды дифференсацияла у | Берілген мәтінді тыңдап, түсінігін ауызша баяндау | Сыныптас достарын сыйлауға, құрметтеуге үйрету | Мәтіндегі жәй және күрделі сөйлемдерді ажырату. Мәтінді тыңдау арқылы түсінігін қалыптастыру, сөйлеу тілін дамыту; | Түсіндіру , сұрақ-жауап, әңгімелесу | |
| 8 | Оқылым | Мезгілдік ұғымдар Дыбыстарды қою | Мезгілдік ұғымдарды ажырату. | Мезгілдік ұғымдарды шатастырмай тануға үйрету. | Зейінін, қабылдауын, сөйлеу тілін дамыту. оқылған қысқа шығарманы, мұқият тыңдап, мазмұнын қабылдап, түсіну; | Тәжірибелік әдіс | |
| 9 | Жазылым | Күз мезгілі (сурет салу) Дыбыстарды қою | Күз мезгілі туралы білімдерін дамыту. | Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Ойлау,есте сақтау, түстерді ажырата білу қабілетін дамыту. 1-3 секунд аралығында сызылған бас әріп, кіші әріптерді тану және атау; | Баяндау, сурет салу | |
| 11 | Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары | Табиғат құбылыстары Дыбыстарды машықтандыру | Табиғат құбылыстары жөнінде мағлұмат беру, түсіндіру | Өз ойларын тиянақты жеткізуге тәрбиелеу, қоршаған ортаны аялауға баулу. | Ойлау, сөйлеу тілін түзете-дамыту. жағдаятқа байланысты сөйлеудің вербальді емес құралдарын түсіну, қолдану; | Тәжірибелік ақпараттық | |
| 12 | Тыңдалым және айтылым | Қыс мезгілі Дыбыстарды автоматтандыру | Қыс мезгілімен таныстыру.дұрыс оқуға үйрету. | Дұрыс оқуға, таза, ұқыпты болуға тәрбиелеу. | Дұрыс оқуын,есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту. заттың мағнасына қарай қоршаған ортадағы нысандар мен құбылыстарын тану,анықтау, атау; | Әңгімелесу, түсіндіру. | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Оқылым | Қыс қызығы Дыбыстарды автоматтандыру | Оқушыларды дұрыс оқуға, мәнерлеп оқуға үйрету | Достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу | Ойлау,сөйлеу қабілеттерін дамыту, мәтінді бөліктерге бөлу және негізгі ойын анықтау | Түсіндіру , сұрақ-жауап, әңгімелесу | |
| 14 | Жазылым | Ғажайыпқа толы Жаңа жыл Дыбыстарды дифференсациялау | Шырша туралы мағлұмат беру. Оқушыларға шыршаның жасалу жолдырын үйрету; | Ұқыпты, таза, әдемі жұмыс жасауға үйрету. Еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу; | Оқушылардың танымдық қабілетін, ой - өрісін, өзіндік іс - әрекетін, шығармашылық қабілетін дамыту. | Түсіндіру , сұрақ-жауап, әңгімелесу | |
| 15 | Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары | Менің Арманым Дыбыстарды дифференсациялау | Болашақ маман иесі болуға бағдар көрсету, олардың ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту | Мамандық таңдауға мәселесін белсенді арттыру, болашақ бағытын жауапты шешім қалыптастыру | Оқушы арманын ауызша әңгімелеп, рет-ретімен дұрыс жеткізе білу. Өз ойын тиянақты жеткізу | Танымдық процестерін тексеру әдісі | |
| 16 | Тыңдалым және айтылым | Менің қызықты демалыс күндерім Дыбыстарды қою | Оқушының демалысы туралы баяндауы. | Ұйымшылдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу. | Сөйлеу тілін, ойлау, зейінін дамыту. Құрбылырының жауабы неден басталып, аяқталғанын біліп, өз сөзімен айтып беру; | әңгімелесу | |
| 17 | Оқылым | Байланыс құралдары Дыбыстарды қою | Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыру. Байланыс құралдарымен ақпарат құралдарының айырмашылығымен ұқсастығын таба | Адамдармен телефон арқылы қарым-қатынас жасау барысында әдептілікті сақтауға, мәдениетті болуға дұрыс жасау беруге баулу | «Р» дыбысын қою және машықтандыру. ( радио, телерадио, телефон ) | Танымдық процестерін тексеру әдісі | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | білу. | | | | |
| 18 | Жазылым | Дұрыс тамақтану Дыбыстарды машықтандыру | Балаларға жаңа тақырып бойынша өткен сөздерді қайталау арқылы білімін пысықтау, жаңа бейтаныс сөздермен таныстыру. | Дұрыс тамақтануға шақыру, тамақтану ережелерін түсіндіру. | Балалардың сөздік қорын молайтып, қазақ тілінде еркін сөйлей білуіне жол ашу. Суреттер, қимыл-әрекеттер арқылы сөздерді баланың есінде қалуын дамыту. есту арқылы мәтінді сөйлемге, сөйлемді сөзге бөлу; | Сұрақ-жауап, түсіндіру | |
| 19 | Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары | Қазақстан – Тәуелсіз ел Дыбыстарды машықтандыру | ҚР Мемлекеттік рәміздерімен, тарихымен, белгілі ақын-жазушыларымен танып білу | Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу | Оқушылардың дүниетанымын, логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту | Танымдық процестерін тексеру әдісі | |
| 20 | Тыңдалым және айтылым | Ғарыш әлемі Дыбыстарды автоматтандыру | Оқушыларды ғарыш әлемімен (планета, жер,аспан, жұлдыз) таныстыру, мәлімет беру | Патриоттық сезімін ояту, әрі ұшқыш ғарышкер болуына тәрбиелеу | көру қабілетін, сөйлеу тілін, зейінін дамыту. хабарлы мәтіннің мазмұнын қабылдап, түсіну; | пікірлесу | |
| 21 | Оқылым | Спорт – салауатты өмір салты Дыбыстарды автоматтандыру | Спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету | Рухани жаңғыру аясында ұлттық құндылықтарымызды тәрбиелеу | Зейінін шоғырландыру, ойлау,логикалық ойлау қабілетін дамыту. кейіпкерлердің қылықтарын түсініп, олардың ойы, сезімдерімен салыстыру; | Сұрақ-жауап, түсіндіру | |
| 22 | Жазылым | Жануарлар Дыбыстарды дифференсациялау | Жануарлардың түрлерімен таныстыру,адамға тигізер пайдасы туралы мағлұмат беру | Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту | Сенсорлық қабілетін дамыту,ойлау,зейінін тұрақтандыру. бірдей элементтері бар, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасқан графемаларды ажырату (п-р,ү-у, ұ-у, и-у, б-д; с-э, е-ә); | Баяндау, сұрақ-жауап | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23 | Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары | Көктем мезгілі Дыбыстарды дифференсациялау | Көктем мезгілімен таныстыру. Дұрыс оқуға үйрету. | Дұрыс оқуға, таза, ұқыпты болуға тәрбиелеу. | Дұрыс оқуын,дұрыс жазуын дамыту. жайсөйлемдітолықтауышпентолықтыру | Сұрақ-жауап, түсіндіру | |
| 24 | Тыңдалым және айтылым | Көктемдегі еңбек Дыбыстарды қою | Көктем. Ересектердің еңбегі | «Көктемдегі егіске әзірлік». | Балаларға астық, бау –бақша өсірудің негізгі (жер жырту, тұқым себу, күту) егіншілер мен бақташы еңбегі жайлы білімін кеңейту, жұмысқа қажетті техника түрлерін ажыра білуге үйрету.<br>тірек сөздеді қолдану арқылы сурет бойынша сөйлем құрау | Танымдық процестерін тексеру әдісі | |
| 25 | Оқылым | 8- наурыз Ана Дыбыстарды қою | Аналар мерекесі туралы түсіндіру. | Аналарды құрметтеуге, тыңдауға,сыйлауға тәрбиелеу. | Ойлау,есте сақтау,зейінін дамыту<br>кейіпкерлердің сырт келбетіне салыстырмалы сипаттама беру, оқыған бойынша өз ойын жеткізу | Түсіндіру, катты қағазбен жұмыс | |
| 26 | Жазылым | Ағаштар Дыбыстарды машықтандыру | Балаларға тақырып бойынша жан-жақты мағұлмат беру.. . | Туған жерін, Отанын сүюге, құрметтеуге, мақтап етуге, табиғатты қорғауға баулу | Табиғат сүюге және қамқорлық, жанашырлық сүімге баулу шағынмазмұндамажазабілу; | Танымдық процестерін тексеру әдісі | |
| 27 | Қатынастың вербальді және | Құстарды карсы алу Дыбыстарды | Оқушыларға жалпы құстардың пайдасы туралы | Құстарға камқор болуға, құстарды аялауға ой - | Оқушыларды Отанын жерін, орманын, көлін, табиғатты сүюге тәрбиелеу. | Сұрақ-жауап, түсіндіру | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | паравербальді құралдары | машықтандыру | көктемде құстардың оралуын олардың азайып кетуінен хабарлар ету. | өрістерін, түсініктерін дамыту. | Оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын молайту. Дамыта оқытуға негізделген шығармашылық қиялын жүйелеу, ойлау қабілеттерін дамыту<br>сөйлеу карқынын, дауыс күшін және жоғары немесе төмен болуын ажырату | | |
| 28 | Тыңдалым және айтылым | Әсем табиғат ( сурет салу) Дыбыстарды автоматтандыру | Табиғатпен таныстырып, білімдерін кеңейту. | Табиғатты аялауға, таза ұстауға тәрбиелеу. | Ойлау,есте сақтау қабілетін дамыту.<br>қойылған дыбыстарды дұрыс айтуында өз өзін бақылау; | Сұрақ-жауап, түсіндіру | |
| 29 | Оқылым және жазылым | Мен Отанды қорғаймын Дыбыстарды автоматтандыру | Отан , туған ел туралы түсініктерін кеңейту | Патриоттық сезімге тәрбиелеу, отансүйгіштікке сезімін қалыптасыру | «Отан» туралы эссе жазу.<br>Орфография және орфоэпиясын дамыту | | |
| 30 | Оқылым | Мамандықтар Дыбыстарды дифференсациялау | Әртүрлі мамандық иелері туралы,олардың қызметтерімен таныстыру. | Маман иелеріне деген құрмет көрсетуге, мамандық таңдауға үйрету. | Есте сақтауын,қиялын, сөйлеу тілін дамыту.<br>оқулықтың анықтамалық деректерін өзбетінше қолдану | Әңгімелесу, сұрақ-жауап | |
| 31 | Жазылым | Өнерлі өрге жүзер Дыбыстарды дифференсациялау | Өнердің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру | Өнерге қастерлеуге, әсемдікке тәрбиелеу | Сезгіш түйсіктерін дамыту. Сөз қорларын молайтып, байыту.<br>шығарманың «идеясы» деген терминді түсіну және мәтіннің тақырыбы мен идеясын ажырату; | Танымдық процестерін тексеру әдісі | |
| 32 | Жазылым | Жаз | Өлеңді мәнерлеп | Табиғатты | Дұрыс байланыстыра сөйлеп, өз | Танымдық | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дыбыстарды дифференсациялау | жатқа оқуға төселдіре отырып, жыл мезгілдері ,жаз туралы түсініктерін тереңдету. | қорғауға,сүюге тәрбиелеу. | ойын жеткізе білуге баулу. мәтіннің маңызды белгісін анықтау: дайын бейне талдауының негізінде бөліктердің құрылымдық және логикалық бірлігі | процестерін тексеру әдісі | |
| 33 | Диагностика | Жазғы демалыс Сөйлеу тілінің жалпы дамуын тексеру | | | | | |